

ЦИТАТА ДНЯ

Тамила МИКУЛИЧ,

УПРАВЛЯЮЩИЙ ДИРЕКТОР ПО
НР – ДИРЕКТОР ПО УПРАВЛЕНИЮ
ПЕРСОНАЛОМ АО «НК «ҚТЖ»:

« ТЕКУЩИЙ ГОД
ОБЪЯВЛЕН
ГЛАВОЙ ГОСУ-
ДАРСТВА ГОДОМ ВО-
ЛОНТЕРСТВА, И МЫ
ПОСТАВИЛИ ПЕРЕД
СОБОЙ АМБИЦИОЗ-
НУЮ ЦЕЛЬ – СОВЕР-
ШИТЬ В ТЕЧЕНИЕ
ГОДА 2020 БЛАГО-
РОДНЫХ ДЕЛ. С ГОР-
ДОСТЬЮ МОГУ ОТМЕ-
ТИТЬ, ЧТО ГОДОВОЙ
ПЛАН БЫЛ ВЫПОЛНЕН
ЗА ПОЛГОДА – ВМЕСТО
2020 ДОБРЫХ ДЕЛ НА-
ШИМИ РАБОТНИКАМИ
СДЕЛАНО 2500, И НА
ЭТОМ МЫ НЕ ОСТАНО-
ВИМСЯ »

ЖӘДІГЕР

ПАРОВОЗ МӘРТЕБЕСІН
БЕКІТПЕК

Белсенді теміржолшылар елордада ескі вокзалдың алдында тұрған Эш-4161 сериялы паровозды Нұр-Сұлтан қаласының мәдени мұралары нысандары қатарына кіргізу туралы ұсыныс айтады.



Эш-4161 сериялы паровоз – Қазақстандағы ең бір ескі паровоздардың бірі. Биыл оның зауыттан шыққанына 98 жыл толады. Мұндай ескерткіш орнату – ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан темір жолының 100 жылдығына орай ұсынған идеясы. Раритетті техника елордада Жамбыл депосынан жеткізілді.

Эш-4161 паровозы Кеңес одағының тапсырысымен 1922 жылы Швецияда жасалған. Кеңес үкіметі сол кезде осындай 1000 машинаға тапсырыс берген екен. Паровоз биыл 90 жылдығы атап өтіліп жатқан Түркістан-Сібір теміржолы тәлімдеріне қызмет көрсеткен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында бұл паровоз майданға жүк тасыған. Талай рет оқ пен бомбалар астында қалған. Соғыстан кейін паровозды ескі сыр қалдықтарынан тазарту кезінде теміржолшылар «Неміс оккупанттарына өлім!» деген жазуды оқыған.

1945 жылы паровоз Жамбыл локомотив пайдалану депосына беріліп, ол мұнда маневрлік қозғалыстар үшін пайдаланылады. 1980 жылдардан кейін тартым күші жаппай тепловоздар мен электровоздарға көшкесін паровоз депода тұғырға қойылып, өткен күннен ескерткіш болып қалды.

Содан кейін елордада жеткізіліп, вокзал алаңына тұғырға қойылды. Тарихи паровозға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оның өткен жолдары жазылған естелік тақта орнатылған.

Елордадағы белсенді теміржолшылар, тарих жанашырлары паровоз ескерткішін өңірлік маңызды мәдени мұралар қатарына жатқызуга лайықты нысан екенін айтады. Бұл оны вандалдар мен жергілікті қаңғыбастардан сақтайды. Өйткені, жыл сайын елордалық локомотив пайдалану депосының жұмысшылары тарихи нысанды ретке келтіріп, күтімін жасап отырса да ескерткішке бұзақылар тарапынан залал келтіріледі екен.

Тарих пен мәдениет ескерткіші ретіндегі мәртебе оны ұзақ жылдар бойына сақтап, аудандық әкімдік пен құқық қорғау органдары бастаған мемлекеттік қолдау кепілдігін берер еді деп санайды бастамашылар. Және бұл Түркістің 90 жылдығына орай жүзеге асырылған игілікті іс болары анық.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СОТРУДНИЧЕСТВО



СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ПАРТНЕР

АО «Локомотив құрастыру зауыты» (ЛКЗ) расширяет географию экспорта. По данным руководства АО «Локомотив құрастыру зауыты», в июне текущего года завод произвел и экспортировал 12 единиц высокотехнологичной продукции в Республику Молдова.

Асель ШАЙХЫНОВА

Завод с момента образования и до 2017 года, будучи в составе АО «НК «Қазақстан темір жолы», реализовывал локомотивы в пять стран СНГ. Еще в 2006 году АО «НК «Қазақстан темір жолы» определило GE Transportation, Wabtec Company как стратегического партнера при условии локализации производства тепловозов в Республике Казахстан. Компания GE Transportation, Wabtec Company, являющаяся мировым лидером в локомотивостроении и разработчиком проекта тепловозов для АО «НК «ҚТЖ» и для колеи 1520 миллиметров, осуществляет поставку локомотивов во многие страны мира.

Так, на сегодняшний день ЛКЗ изготавливает все основные узлы тепловозов с постоянным увеличением доли казахстанского содержания.

В декабре 2016 года на интернет-портале Европейского банка реконструкции и развития (ЕБРР) был объявлен открытый, двухэтапный тендер на покупку 12 грузовых тепловозов в адрес Молдавских железных дорог. Компания GE Transportation, Wabtec Company совместно с ЛКЗ подали заявку на участие в данном конкурсе. И в октябре 2018 года по итогам двух туров GE Transportation, Wabtec Company была объявлена победителем открытого тендера.

Таким образом, в июле 2019 года в городе Нур-Султане был подписан договор между GE Transportation, Wabtec Company и ЛКЗ на поставку 12 казахстанских локомотивов серии Evolution в Молдову. Тепловоз был спроектирован с учетом технических требований, разработанных специалистами АО «НК «Қазақстан темір жолы». При этом требования, отраженные в техническом задании, позволили полу-

чить локомотив, отвечающий потребностям железнодорожных компаний стран колеи 1520.

Данная сделка по экспорту отечественной продукции является результатом многолетней совместной работы завода с АО «НК «Қазақстан темір жолы» по программе обновления локомотивной тяги. Таким образом, многочисленный коллектив локомотивостроительного предприятия смог расширить географию поставок уникальной продукции.

О качестве производимых в Нур-Султане локомотивов хорошо известно далеко за пределами республики. Казахстанский ТЭ33А серии Evolution успешно эксплуатируется на железных дорогах Кыргызстана, Таджикистана, Украины, Туркменистана и Азербайджана, а теперь еще и Молдовы.

Фото автора

ТАСЫМАЛ НАРЫҒЫ

КОНТЕЙНЕРЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЖЕТ

«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлік одағы мамандары республикамыздағы контейнерлік тасымалдау нарығына зерттеу жүргізе отырып, елде барлық көлік саласы үшін драйвер бола алатын темір жол тасымалын контейнерлеу бағдарламасын өзірлеу қажет деген қорытындыға келді.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Қазақстанның темір жол тасымалдары нарығындағы ағымдағы жағдай, контейнерлеудің 2-3%-дан аспайтын өте төмен деңгейімен сипатталады. Бұл жерде аталған деңгей, соңғы уақытта контейнерлерде жүк транзиті өсуінің жоғары қарқыны жылына 50-60%-ға дейін құрап отырғанына қарамастан осылай сипатталып отыр. Негізін жүктердің темір жол көлігінен автомобиль көлігіне ауысуы байқалады, оған автокөлік тасымалында «есіктен есікке дейін» сервистің ұсынылуы, жеткізу мерзімінің қысқа уақытты құрауы себеп болып отыр. Соңғы жылдары теміржол көлігінің үлесі 49%-дан 41%-ға дейін төмендеген. Темір жол арқылы тасымалданатын жүктердің құрылымын талдау барысында, контейнерлеу деңгейінің әлеуеті шамамен 11% құрайтынын көрсетті.

Осы ретте, «KAZLOGISTICS» ҚҚО контейнерлік тасымалдардың үлесін арттыруға бағытталған салалық бағдарламалық құжат әзірлеуді ұсынды. Және де бұл құжатта кон-

тейнерлерде жүктерді тасымалдауға арналған тарифтік шарттарды қайта қарау (вагондап жөнелтумен де, автомобиль тасымалымен де, әсіресе шағын қашықтыққа олардың бөсекке қабілеттілігін қамтамасыз ету); тиімді және мақсатты жұмысты қамтамасыз ету үшін бір кәсіпорын шеңберінде темір жол (платформалар, контейнерлер, терминалдар) мен ілеспе активтерді шоғырландыру сияқты шараларды қарастыру ұсынылды. Сайып келгенде, осының барлығы технологияны жақсарту және өндірістік емес материалдық және уақытша шығындарды қысқарту есебінен логистикалық тізбектің барлық элементтеріндегі шығындарды оңтайландыруға, контейнерлік пойыздардың станциялардың басты жолдарын жүріп өтуі кезінде жылдамдықты шектеуді алып тастауға, маршруттық контейнерлік пойыздардың перспективалы қозғалысы бағдарламасындағы ұчаскелік жылдамдықты шектеуді тудыратын тар жерлерді жоюға және тағы басқа оңтайлы жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік бермек.

Бүгінде экспорттық бағыттағы контейнерлеу

әлеуеті 7,6 млн тоннаны құрайды. Бұл астық, қара және түсті металдар, тыңайтқыштар, битум, гудрон және т. б.

Қазақстан көлік одағы мамандары, елде контейнерлік тасымалдар деңгейін ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру нәтижесінде темір жолдағы жүк транзитінен түсетін кірістердің өсуі, қосылған құны жоғары шикізат емес экспорттық контейнерлік тасымалдар көлемінің ұлғаятынын болжамап отыр. Мұның бәрі өз кезегінде, Қазақстанның барлық көлік-логистикалық кешенін дамытуға мультипликативті әсер етуі мүмкін.

Ал әлемдік үрдістерге жасалған сараптама, қазіргі уақытта Еуропа мен Американың дамыған нарықтарында контейнерлеу деңгейі 100%-ға жақындап қалғанын көрсетеді.

Әлемдік көлік жүйесінде теңіз көлігі – тасымалданатын жүктердің барлық көлемінің 60-70%-ын құрап отыр. 2000 жылдан бастап жүк бөлінісіндегі тасымалдардың динамикасы контейнерлік жүктердің үш есеге өскенін байқатады. Осы ретте, 2000 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде құрғақ жүктердің жалпы көлеміндегі мұндай жүктердің үлесі де 24%-дан 42%-ға дейін артқан. Мәселен, 2018 жылы контейнерлік тасымал көлемі 152 млн ДФЭ-ге жеткен, яғни соңғы жылдарда жыл сайынғы өсім 3%-7% деңгейін құраған. Бұдан басқа, өткен жүзжылдықтың 90-шы жылдарынан бастап Еуропа-Азия-Еуропа бағытындағы тасымалдардың 1995 жылғы 5 млн ДФЭ-ден 2018 жылы 25 млн-ға дейін бес есе өскенін атап өту қажет.

ПЕРЕВОЗКИ

НАПРАВЛЕНИЕ ВОСТРЕБОВАНО

Из Костаная отправился очередной контейнерный состав, грузженный пшеничной мукой высшего сорта.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кеңес Дюсекеев, товарный поезд в составе 49 фитинговых платформ, 98 контейнеров, общим весом муки порядка 2372,4 тонны отправился из Костаная в направлении станции Достык и далее на Китай. Отправитель муки – ТОО «Компания Саламат», которая уже отправила из Костаная в Китай четыре таких



контейнерных составов с мукой. Контейнерный поезд достигнет пункта назначения через двое суток, что значительно быстрее прежних маршрутов и, соответственно, скажется на более быстром обороте вагонов.

По словам директора Костанайского отделения грузовых перевозок Вячеслава Миронова, первый такой контейнерный поезд отправился из Костанайского региона в марте текущего года, и с тех пор

это направление стало для контейнерных поездов регулярным. Правда, свои корректировки в частоту отправлений контейнерных составов здесь вносит пандемия коронавируса. Кстати, нынешний контейнерный поезд – самый большой по сравнению с предыдущими составами.

– Это мультимодальные перевозки, они очень универсальные, – говорит Вячеслав Миронов. Контейнер можно везти на чем

удочно: поездом, кораблем, самолетом. Преимущество контейнера в отсутствии лишней работы – загрузили один раз и довели до пункта назначения. Вагоны же нужно постоянно разгружать и загружать. У нас с Китаем разная железнодорожная колея, поэтому осуществлять перевозку вагонами сложно. А контейнеры просто переставят на другую платформу – и дальше в путь.

Как подчеркнул глава Костанайского отделения грузовых перевозок, за контейнерными перевозками – будущее. В ближайшие 20 лет не менее 50 процентов перевозок будут контейнерными. Также Вячеслав Миронов отметил, что мука в Китае прежде не пользовалась особым спросом, в силу традиции там предпочитают рис. Однако в последнее время китайцы постепенно увеличивают потребление муки, а потому объемы перевозок муки направлением на Китай в будущем будут только расти.

Фото автора

НОВОСТИ

В «ЛИЧНОМ КАБИНЕТЕ»
ДЕШЕВЛЕ

Дочерняя организация АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express» предлагает грузоотправителям специальный тариф на перевозку при заказе через «Личный кабинет».

С целью развития онлайн-сервисов и создания комфортных условий дистанционного взаимодействия с клиентами АО «KTZ Express» сообщало о предоставлении скидок при размещении заявок на получение транзитных кодов через «Личный кабинет» на сайте my.ktze.kz.

В числе преимуществ «Личного кабинета» для клиентов компании – возможность подачи заявки на перевозку «онлайн», отслеживание дислокации грузов в режиме реального времени, а также мониторинг истории заказов.

Созданные условия позволяют привлекать дополнительные грузы для обработки в «Личном кабинете», что отвечает стратегии KTZ Express по развитию электронных сервисов, созданию комфортной среды для клиентов и автоматизации процессов взаимодействия участников перевозки.

Теперь каждый действующий клиент KTZ Express для получения подробной инструкции по доступу в «Личный кабинет» может обратиться к курирующему менеджеру. А если у компании появляется новый клиент, то для получения подробной инструкции по доступу в «Личный кабинет» необходимо обратиться в call-центр KTZ Express.

Таким образом, для клиентов АО «KTZ Express» все процессы обслуживания стали еще более удобными, прозрачными и доступными. Это особенно актуально сейчас, во время пандемии коронавируса, когда людям удобнее, не выходя из дома, вести свой бизнес.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

Льготные билеты –
ОНЛАЙН

АО «Пассажирские перевозки» запустило новую услугу по онлайн-формированию льготных билетов на социально значимые поезда для лиц всех инвалидностей.

Покупку льготного билета можно совершить на сайте bilet.railways.kz. Предварительно в билетной кассе АО «Пассажирские перевозки» необходимо произвести регистрацию и получить электронную дисконт-карту «Мейрiм» с уникальным набором символов для активации.

Для этого пассажиру необходимо предъявить оригиналы документов, удостоверяющих личность и подтверждающих инвалидность, а также предоставить письменное согласие на обработку сведений и свои контактные данные. Кассир внесет данные в клиентскую базу и оформит на пассажира электронную карту, после чего можно сразу же воспользоваться ею на сайте bilet.railways.kz.

Стоит отметить, что оформить билет может только владелец карты и только на себя. Она дает право на получение скидки при покупке билетов по социально значимым маршрутам в пределах границы Казахстана.

Электронная карта будет действовать в течение одного года с момента ее активации. При этом дальнейшая пролонгация будет проводиться без повторного получения заявки от пассажира. При посадке и проезде в поезд пассажир должен иметь при себе оригиналы документов, удостоверяющих личность и подтверждающих инвалидность.

Напомним, согласно пункту 17 Правил перевозок пассажиров, багажа, грузобагажа и почтовых отправлений, утвержденных приказом министра индустрии и инфраструктурного развития РК от 30.04.2015 г. № 545 лицам всех групп инвалидности, а также детям-инвалидам предусмотрен льготный проезд по социально значимым сообщениям в размере 50% от стоимости билета. Благодаря новой услуге АО «Пассажирские перевозки» теперь оформление льготного билета можно произвести на сайте bilet.railways.kz, не выходя из дома.

Роман ЛЮБИМОВ

ЦИФРА НОМЕРА

99%

ВСЕХ ПЕРЕВОЗОЧНЫХ
ДОКУМЕНТОВ ҚТЖ ОФОРМЛЯЕТСЯ
В ЭЛЕКТРОННОМ ВИДЕ
В СИСТЕМЕ АСУ ДКР

ЖАҢАЛЫҚТАР



УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметі Тальго вагондарынан жасақталған келесі коммерциялық жолаушылар пойыздарының жол жүруі уақытша тоқтатылатыны туралы хабарлап отыр.

Атап айтқанда, олар 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап Нұрлы жол вокзалынан шығатын және 2-шілдеде Атыраудан жөнелтілетін № 19/20 «Нұр-Сұлтан-НЖ – Атырау» бағытындағы пойыз; 2020 жылғы 2-шілдеден Нұр-Сұлтан – Нұрлы жолдан, ал 3-шілдеде Оралдан аттанатын № 95/96 «Нұр-Сұлтан-НЖ – Орал» пойызы; үшіншісі 1-шілдеден бастап Алматы-2 станциясынан, ал 2-шілде күні Нұрлы жол вокзалынан жөнелтілетін № 701/702 «Алматы-2 – Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» жолаушы пойыздары болып отыр.

Аталған пойыздарға бұрын жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеген жолаушылар темір жол билеттерін қайтарып және ақшалай қаражатты ұстап қалусыз толық көлемде қайтарып ала алады, сондай-ақ басқа баламалы пойыздарға билеттер сатып алуларына болады.

Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі туралы, орын бар екендігі және жол жүру құны туралы барлық ақпаратты 105 анықтама қызметіне қоңырау шалып білуге болады (қалалық телефоннан қоңырау шалу тегін, ал уялы телефоннан минуттыңна 112 теңгені құрайды). Ұлттық тасымалдаушы келтірілген қолайсыздықтар үшін жолаушылардан кешірім сұрайды.

Ислам ТАЛҒАТ

АПАТТЫ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛДЫ

30 маусым күні түнгі сағат 01.30-да Шоқпар станциясына келген №2950 жүк пойызының 2 вагон-цистернасы жолдан шығып кетіп, апатты жағдай орын алды. 45 км/сағ жылдамдықпен 2-ші жолға келген құрамдағы жолдан тайған цистерна «HOLDING» РТС ЖШС жекеменшік компаниясына тиесілі. Апат салдарынан цистернадағы бензиннен өрт шығып, қауіпті жағдай туындаған.

Теміржолшылар қауіптің бетін қайтарып, үлкен шығынның алдын алу үшін барлық мүмкіндікті жасаған. Оқиға орнына дереу жеткен Жамбыл облыстық төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру машиналары мен Шу станциясындағы өрт сөндіру пойызының күшімен екі сағатта өрт сөндіріліп, қауіптің беті қайтты.

Телімде барлық пойыздар қозғалысы тоқтатылды. Соның ішінде 6 жолаушылар пойызы кідірді. Құрбан болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Апаттың шығу себебі цистернаның доңғалақ жұбы осінің ортаңғы бөлігінің сынып кетуі деген болжам жасалып отыр. Оны оқиғаның мән-жайын тергеу бойынша құрылған арнайы комиссия анықтайтын болады.

Оқиға орнында қалпына келтіру жұмыстары жалғасып, ал теміржолшылар пойыздардың қозғалыс кестесін қалпына келтіру үшін барлық мүмкіндіктерді жасады. Ең алдымен телімнен 12 жолаушылар және 10 жүк пойыздарын өткізу ұйымдастырылды. Кестеден кешіккен пойыздардың жолаушыларына қажетті көмек көрсетілді. Атап айтқанда, Еспе станциясында №44 пойыздың жолаушыларын, жүкті әйелдерді Шу қаласының аудандық ауруханасына тасымалдау ұйымдастырылды. Станцияларда жолаушыларды ауыз сумен және азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған орындар ашылды. Шу станциясы мен вокзалы басшылығы жолаушылар пойыздарының бригадаларымен бірлесіп билет құнын қайтару және келтірілген қолайсыздықтар үшін өтемақы төлеу секілді мәселелерді шешу бойынша жұмыстарды ұйымдастырды. Шу станциясының перронында пойыз жолаушыларына биотуалеттер орнатылды және кетуге ниет білдіргендер үшін автокөліктерге отырғызып жіберу ұйымдастырылды.

Жолаушылар пойызының кешіккені үшін айыппұл төлеу жолаушының өтініші бойынша әрбір кідірістің толық сағаты үшін билет құнының үш пайызы мөлшерінде, бірақ билеттің құнынан аспайтын мөлшерде жүргізілетінін атап өту қажет.

Дарын МЕДЕТҰЛЫ

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

ЕЛОРДАМЕН БІРГЕ ӨСТІК

Биыл 6 шілдеде елордамыздың туған күнін 22-рет атап өтеміз. Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы мемлекетіміздің бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Елбасы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы бұйрыққа 1997 жылы қол қойды. 1998 жылғы 6 мамырда Президент Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Барлық мемлекеттік құрылым, басты мекемелер мен ұйымдардың оңтүстіктен солтүстікке бет алған ұлы көшінін қатарында «Қазақстан темір жолы» РМҚ да болды. Ол кезде қала атауы Астана болғанымен, станция аты байырғы Ақмола еді. Сол жағалау атымен жоқ. Арқаның ақтүтек бораны мен аязы салтанат құрған облыс орталығы деңгейіндегі сұрқай шаһар сол сәттен бастап өркеніетке қадам баса отырып, қарқынды дамыды. Міне, аз жылда әлемдік деңгейдегі астаналармен иық тіресе алатындай дәрежеге жетті.

Сол жылдары Ақмола станциясын басқарған теміржолшы, бүгінде Магистральдық желі дирекциясының тасымал қызметі бойынша атқарушы директоры Ерболат Назарбеков елордаға оңтүстіктен ағылып көшіп келген көшті қарсы алып, ұйымдастырушылардың бірі болған екен.

– Алдымен Көлік және коммуникация министрлігі көшіп келді. Көлік қызметкерлері №4 Алматы-Астана пойызымен келіп жеткені, оларды сынайлатып-кернейлетіп дегендей, вокзал перронында қарсы алғанымыз есімде. Министрлік қазіргі Абай және Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысындағы ғимаратқа орналаса, артынан келген Қазақстан темір жолы мекемесі қазіргі

Жеңіс көшесінің бойындағы ғимаратқа орын тегтті. Содан бірден бас қаланың бас темір жол қақпасы болған Ақмола станциясын, оның вокзалын қайта құру жұмыстары басталып кетті. Жаңадан вокзал ғимараты бой көтерді. Ол кезде вокзалдар да станцияға қарайтын. Вокзал бастығы Нұрислам Сүлейменов екеуіміз сол жұмыстардың басы-қасында жүрдік.

«1998 ЖЫЛҒЫ 10 МАУСЫМДА ЖАҢА ЕЛОРДАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТКІЗІЛІП, ОСЫ ДАТА АСТАНАНЫҢ ТУАҢ КҮНІ РЕТІНДЕ АТАЛЫП КЕЛДІ. АЛАЙДА, 2006 ЖЫЛДАН БАСТАП ШІЛДЕНІҢ 6-СЫ ЕЛОРДА КҮНІ РЕТІНДЕ ТОЙЛАНА БАСТАДЫ. АЛ 2019 ЖЫЛЫ 20 НАУРЫЗДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЛАНЫҢ АТЫН ЕЛБАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ НҰР-СҰЛТАН ДЕП ӨЗГЕРТУГЕ БҰЙРЫҚ БЕРДІ. НҰР-СҰЛТАН – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӨРТІНШІ АСТАНАСЫ.»

Үш жол ғана бар еді. Сол жолдар көбейтіліп, кеңейтілді. Өйткені, жаңа астанаға келіп жатқан жүк құрамдарында есеп жоқ еді, жұмыс күндіз-түні қауырт жүріп жатты. Бұл істе барша теміржолшылардың ерен еңбегі бар екенін де ұмытпауымыз керек. Вокзалға Астана атауы тек 2001 жылы ғана берілді. Мұнда 2004

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ТАСЫМАЛ ТАБЫССЫЗ ЕМЕС

Пандемия бүкіл әлемнің экономикасына әсер етті. Біраз елдің әлеуеті төмендеп, өндірісі құлдырады. Кәсіпорындардың жабылуына себепші болды. Бұл үдеріс Қазақстанды да айналып өтпеді. Соған қарамастан теміржолдағы жүк тасымалы тоқтаған жоқ, жұмыс жалғасты. Өткен бес ай ішінде Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Бейнеу станциясында да кейбір көрсеткіштер төмен түскенмен, кейбірінде оң өзгеріс байқалды.

Шахидә ЖҰМАН,
Маңғыстау

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Бейнеу станциясында бұрыннан пойыздар қозғалысы қарқынды. Биылғы төтенше жағдай, карантин кезінде жолаушылар тасымалы тоқтап, пойыздар жүрісі бәсеңсігенмен, жүк пойыздары жүріп тұрды. Станция теміржолшылары станция үстімен өткен-кеткен сол пойыздарға қызмет көрсетіп, тиісінше жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастырып отырды. Бұл кезеңде Бейнеуден негізін мұнай өнімдері, құрылыс жүгі, машина, металл,



үн, жем, әртүрлі жинақталған жүктер жүктеліп, тиісті жеріне жол тартты. Таратып айтсақ, өткен бес айда станциядан 31 вагон/2091 тонна құрылыс жүгі вагондарға тиелді. Өткен жылдың 5 айымен

салыстырғанда 295 вагон/19738 тоннаға аз. Дегенмен мұнай өнімдері былтырғы бес айдағы көрсеткіштен артқан. Был 7 вагон/138 тоннаға көбейіп, жүктелген мұнай өнімі 15 ваг/624 тоннаға құрады. 2019

жылдың салыстырмалы кезеңінде 8 вагон/486 тонна болған екен. Әртүрлі жинақталған жүк өткен жылы бұл мерзімде жүктелмеген, осы жылы 49 тонна жөнелтілген. Машина 4 вагон/71 тоннаға құрап, былтырғы есепті мерзімдегіден 1 вагонға кеміген. Металлолом тиеуді де азайған, бес айда 7 вагон/368 тонна. Одан басқа станциядан жалпы барлығы 81 вагон/3993 тонна жүк жіберілген. Ал №1 бекеттен 10 вагон/682 тонна ұн, 3 вагон/150 тонна жем, барлығы 6360 ваг/408589 тонна жүк жөнелтілген.

– Жүк көлемінің азайып кетуі пандемияға да байланысты. Оның ішінде кейбір санаттағы жүктердің кемуі түрлі жағдайлардан болып отыр. Мысалы, ұн жөнелтілімінің қысқаруына себеп – Бейнеу астық терминалына астықтың аз келуі. Ал енді қабылданып тапсырылған пойыздарға келсек, мұнда да көбею де, азаю да бар. Келген вагондардың барлығына қажет қызметтер көрсетіліп, көп кідіртпей өз бағыттарына жөнелтілді, – дейді Бейнеу станциясының бастығы Есет Хайруллин.

Суретті түсірген автор

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ

КАРАНТИН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮТІМ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары жылдың бірінші жартыжылдығында байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалу оқиғаларын болдырмай, жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі келтіретін оқыс оқиға, тосын жай секілді жағдайларға жол бермей қауіпсіздікті қамтамасыз ете білді.

Сабырхан СЕЙІБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Құрметті теміржолшы, тәжірибелі басты Әкімжан Қосанов басқаратын белгі беру және байланыс дистанциясының ұжымы аймақтағы Түркістан мен Жосалы станциялары арасындағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс, АЛСН, УКСПС, КТУ және КТСМ құрылғыларының жұмысын бақылайды. дистанция бойынша жылдың алғашқы алты айында ақау тіркелген жоқ. – Елде төтенше жағдай орын алып, карантин жағдайындағы соңғы үш айда да қажетті күтім жасалып отыр. Байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалу жағдайын болдырмау мақсатында технологиялық процестерге орай күтім жасау жұмыстары тұрақты жүргізілуде, кейбір байланыс құрылғыларын жаңалау жұмыстары жалғасауда, – дейді дистанцияның техникалық бөлімінің инженері Нұрлан Жүсіпбаев.

Жылдың екінші тоқсанында жарияланған карантин режиміне сай алыстан басқару жүйесімен жұмыс жасауға бейімделген дистанциялықтар жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз етіліп, қатаң тәртіппен жұмыс жасап құрылғылардың жұмысын бақылауды күшейте түскен. Аймақтағы эпидемиялық ахуалдың күрделілігін ескерген дистанциялықтар жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды назардан тыс қалдырмай, әр учаскедегі байланыс құрылғыларына күтім жасауда. Мәселен, өткен маусым айында технологиялық процестерге сай пойыздың және станциялық радиобайланыс және ПСГО құрылғысының қызметін жетілдіру, дамыту мақсатында желілік және ауысым электромеханиктеріне ПСГО жұмыс қабілетін тұрақты бақылауда ұстау, құрылғыларды тосын тексеруден өткізу тапсырылып, Қызылорда станциясындағы радио бақылау пунктін теміржолшыларымен 28 дана 43РТС-А2-ЧМ, 10 дана 42РТМ-

А2-ЧМ блоктарына, 2 дана 100У-101, 2 дана УТ-100 күшейткіш құрылғыларына, 2 дана БПУ маркалы қоректендіру блоктарына профилактикалық тексеру жұмыстары атқарылған. Ал жыл басынан бері 154 дана 43РТС-А2-ЧМ, 33 дана 42РТМ-А2-ЧМ, 24 дана 11Р22С-3.2 радиостанцияларының блоктарына профилактикалық жұмыстар жасалған. Жосалы-Түркістан теліміндегі станциялық жолдардың рельс тізбектерінің жағдайын тексеруден өткізу жұмыстары да нәтижелі атқарылыпты.

Маусым айында жылдамдық өлшеуіш лента электронды ТУ-133 журналы мен машинистердің ескерту кітапшасында АЛСН құрылғысының жұмыстан тыс қалуының бес жағдайы тіркеліпті. Бұл жағдай өткен жылдың есепті мерзімінде де бес рет тіркеліп биыл да сол көрсеткіш қайталанғаны байқалады.

Жылдың алғашқы жартысында дистанция бойынша АЛСН кодының бұзылу орын алса, олар кабельдің жарамсыздығынан, 2



жағдайда трансистерлі және импульсті реленің істен шығуынан және құрылғылар бабының ауытқуынан 2 жағдай тіркеліп, жалпы алғанда құрылғының бес мәрте жұмыстан тыс қалуы анықталған екен. Осыған орай дистанция басшылығы мұндай оқиғаның алдын алу үшін, АЛСН, КУЛБ-У құрылғыларына қатысты орын алған жағдайлардың қайталанбауы үшін құрылғының жұмыстан тыс қалуы анықталған жағдайда ШНЦС ақауды орнына келтіруге тікелей қатысып, жағдайды арнайы құжатқа тіркеуден өткізіп, ШЧДС-терге үш күн ішінде құлақтандыруды тапсырды. – 2020 жылдың маусым айында және жылдың алты айында «ДУ-46» журналына

ескертулер тіркелген жоқ. Жылжымалы құрамалардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып дистанция телімдерінен өткізілген пойыздар КТСМ құрылғысымен бақылаудан өткізіледі. Пойыздық, станциялық радиобайланыс және ПСГО құрылғыларының жұмысы қалыпты жағдайда. Дистанция теміржолшылары қазіргі карантин жағдайында шеттетілген жүйемен жұмыс жасауда, байланыс құрылғыларына ағымдық күтім жұмысы барысында олар жеке қорғаныс заттарын қатаң қолдану арқылы, белгіленген арақашықты сақтау ұстанымның жұмыс жасауда, – деді техникалық бөлім инженері Нұрлан Жүсіпбаев.

Суретті түсірген автор

6 ИЮЛЯ – ДЕНЬ СТОЛИЦЫ



МЕГАСТРОЙКА: ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ВОКЗАЛ

До 2017 года в столице Казахстана потоки в тысячи пассажиров встречал и провожал один железнодорожный вокзал, который к тому времени не мог справиться с нагрузкой. Уже 4 года гостей Нур-Султана встречает не имеющий аналогов в СНГ железнодорожный вокзальный комплекс «Нур-Султан – Нұрлы жол».

Асель ШАЙХЫНОВА

Он был торжественно открыт в преддверии международной выставки «ЭКСПО-2017». Тогда тысячи туристов по достоинству оценили чудо современной архитектуры – самую современную железнодорожную гавань, построенную за последнее время в мире.

НЕМНОГО ИСТОРИИ

8 ноября 1929 года по отстроенному пути в Акмолинск прибыл первый поезд. Его встреча происходила в голой степи, не было даже барака, чтобы пассажиры укрылись в случае дождя или сильного ветра. Между городом и остановившимися вагонами лежал пустырь в три километра. Официально станция Акмолинск введена в эксплуатацию в 1931 году. Для перевозки пассажиров и их обслуживания был построен 2-этажный вокзал на 380 пассажиров общей площадью 1 318,8 квадратных метров. Для грузовых операций построили грузовой двор с тремя путями, одним складом и одной крытой платформой. По объему работы станция относилась к первому классу. С образованием Акмолинской области город превратился в крупный транспортный узел, административный центр Целинного края, объединяющий 6 областей Северного Казахстана.

В связи со стремительным развитием города и станции в 1961 году построен по тем временам большой многофункциональный вокзал на 500 пассажиров общей площадью 5 260 квадратных метров. Он считался самым большим вокзалом в Казахстане. В марте 1962 года станция Акмолинск переименовали в Целиноград. В 1990 году дополнительно введено в эксплуатацию новое высотное здание вокзала. Основной показатель мощности возрос до 1 800 пассажиров. Потом возвели конкурсы для удобства пассажиров при посадке-высадке прямо из здания вокзала на 2-м и 3-м путях главного парка.

– В период подготовки презентации столицы на всей станции и вокзале была сделана огромная работа по приведению зданий и территории в надлежащий вид. В старом здании вокзала произведена реконструкция внутри помещения, введен в действие гостиничный комплекс международного зала, обновлено асфальтовое покрытие перрона вокзала, – рассказывал о своей работе в то время начальник станции Целиноград Ерболат Назарбеков.

С 1997 года стала развиваться новая столица. Новое имя станции – Астана – с 2001 года, а в 2019-м она переименована в Нур-Султан-1. После большой реконструкции в 2004 году вместимость вокзала увеличилась на 300 мест. На сегодня он состоит из двух зданий с общей площадью 11 тысяч квадратных метров. Сейчас вокзал принимает преимущественно транзитные поезда.

НОВЫЙ ВИТОК РАЗВИТИЯ ГОРОДА

Елбасы, открывая новый вокзал, отметил, что даже в Европе ему нет аналогов. Он был представлен в номинации «Транспорт» на Всемирном архитектурном фестивале WAF 2017, который также называют архитектурным «Оскаром».

